

**"Табиғи уран концентратына баға белгілеу қағидаларын (әдістемесін) бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 ақпандағы № 74 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 527 қаулысы

Баспасөз релизі

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Табиғи уран концентратына баға белгілеу қағидаларын (әдістемесін) бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 3 ақпандағы № 74 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 17, 199-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғи уран концентратына баға белгілеу қағидаларында (әдістемесінде):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Табиғи уран концентратына баға белгілеу қағидалары (әдістемесі) (бұдан әрі – Қағидалар) осы Қағидалардың 7-бөлімінде көрсетілген Үндістан Үкіметі Атом энергиясы департаментінің Сатып алу және материалдық қорлар басқармасымен жасалған мәмілелерді қоспағанда, табиғи уран концентратын сатып алу-сатуға арналған келісімшарттарға сәйкес жасалатын мәмілелер бойынша табиғи уран концентратын өткізу бағасын айқындау (есептеу) тәртібін белгілейді.»;

төмендегі мазмұндағы 7-бөліммен толықтырылсын:

«7. Үндістан Үкіметі Атом энергиясы департаментінің Сатып алу және материалдық қорлар басқармасымен жасалған мәмілелер бойынша табиғи уран концентратын өткізу бағасын айқындау тәртібі

21. Мәмілелер бағасы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$P = SP \times (100\% - D) : 100\%, \text{ мұнда:}$$

P (price) – уран концентратының бағасы (U_3O_8 фунтына/АҚШ долларымен);

SP (spot price) – меншік құқығының сатып алушыға ауысу күнінің алдындағы алты айдағы Trade Tech LLC (Exchange Value) споттық бағасының орташа арифметикалық мәні;

D (discount) – дисконт, %.»;

ескертпе мынадай мазмұндағы «***» толықтырылсын:

«***7-бөлімнің талаптары «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы мен Үндістан Үкіметі Атом энергиясы департаментінің Сатып алу және материалдық қорлар басқармасы арасындағы табиғи уран концентратын сатып алу-сатуға 2015 – 2019 жылдар кезеңіне арналған келісімшарттарға сәйкес жасалатын

мәмілелер бойынша табиғи уран концентратын өткізу бағасын айқындау (есептеу)
т ә р т і б і н б е л г і л е й д і . » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ